

Мұхан Ақмарал Мұхтарқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Бастауыш сыныптың оқыту үдерісінде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытудың әдіс-тәсілдері

Білім беру саласындағы өзгерістер, білім алушылар қауымының тек білімдерін ғана арттырып қоймай, сонымен бірге қазіргі қол жеткен ғылыми жетістіктерді пайдалана алатын, жан-жақты дамыған тұлға дайындауды көздеуде. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін қолдана отырып, білім алушыларды өздігінен білім алуға, өз бетімен мәселенің дұрыс шешімін табуға талаптандырып, сонымен қатар оқыту түрлерін, әдістерін, құралдарын одан әрі жетілдіру, тиімді тәсілдерді қолданудың жолдарын іздестіру қажет.

“*Сыни тұрғыдан ойлау*” стратегиясы дамыта оқыту принципіне негізделгендіктен, оқытудың тиімді түріне жатады. Бұл стратегиялар бойынша оқушылар өз бетінше ізденіп, шешім қабылдау біліктілігін арттырады. Сонымен бірге білім алушыларды жеке-жеке зерттеуге және бақылауға мүмкіншілік береді.

Сабақта “сыни тұрғыдан ойлау” стратегиясын пайдалану келесі ережелермен анықталады: мұғалім оқыту процесінде экспромттардың орнына алдын-ала жобалау, оны іс-тәжірибеде пайдалану, қайта жаңғырту арқылы жоғары нәтижеге жетудің жолдарын қарастырады; мұғалімдер күнделікті сабақтарында пайдаланып жүрген әдістемелік жүйе мен көмекші құралдардан педагогикалық технологияның ерекшелігі: білім алушылар өз қызметінің оқу-тәрбие үрдісі барысындағы құрылымымен, мазмұнын алдын-ала жобалап, сол жобаның нәтижесін болжай алады.

“Сыни тұрғыдан ойлау” стратегиясын сабақта пайдалану: 1. Өткен тақырыпты қайталау, жаңа тақырыпқа негіз болады. 2. Жаңа тақырыптардағы құбылыстарды салыстыра отырып зерттейді. 3. Өз пікірін ортаға салуға,

дәлелдеуге, сыныптастарының пікірлерін құрметтеуге үйретеді. 4. Білімнің қайнар көзін өздері тауып, білімді меңгеру үшін қажетті дағдыларды өз бетімен қалыптастырады. 5. Мұғалім мен білім алушы, оқытушы мен білім алушы арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. 6. Оқушылардың тақырыпты ғылыми меңгеруіне қолайлы жағдай жасайды.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Проблемалық оқытудың әдістерін қолдану студенттердің шығармашылық ойлауын және қабілеттерін дамыту үшін үлкен мағына береді: проблемалық мазмұндама; жарым-жартылай ізденіс әрекет және өзбетінше зерттеу қызметі. Оқу материалдарын проблемалық баяндалуының ең тиімді әдісі – оқытушының проблемалық тапсырмаларды құрастырып және оларды өзі шешіп, проблемалық сұрақтарды қойғанда, білім алушылар шешімді іздену процесіне ойлаумен кірісіп кетеді. Проблемалық баяндау үшінші деңгейдің өнімділік қызметін қамтамасыз етеді, қолданады (білім алушылар өздері қорытынды жасайды), үшінші деңгейдегі білімді – «білім - іскерлік» береді.

Жартылай ізденіс әдісі оқушыларды өз бетімен мәселелерді шешуге оқытушы біртіндеп қатыстырады. Оқытушы жауаптары қалыптасқан білім базасына сүйенетін, проблемалық сұрақтардың жүйесін құрастырады, бірақ баяғы білімде болмайтын, яғни сұрақтар білім алушылардың интеллекті қиыншылықтар және мақсатты ойлау ізденістер туғызуы керек. Жарым-жартылай ізденіс әдіс өнімділік қызметтің үшінші және төртінші (қолдану және шығармашылық) деңгейін және үшінші мен төртінші деңгейдегі білімді (білім-іскерлік, білім-трансформация) қамтамасыз етеді.

Пікірталастың әдістемесі арқылы білім алушылар жаңа білімді игереді, өз пікірін нығайтып, оны қорғауға үйренеді. Пікірталасының бас қызметі – танымдылық ықыласпен ынталандыру; оқыту, дамыту, тәрбиелеу және

бақылап-түзету қосымша қызметтері болып табылады. Онда басты әрекеттегі тұлға – ол білім алушы. Мұғалімге білім алушылардың белсенді үдерісі оқу-танымдылық қызметін басқару маңызды ролі берілген. Бірақ берілген процестің маңызы пікір, біліммен және тәжірбиемен алмастырудың активизациясында ғана емес. Бұнда сонымен қатар, өз пікірін пікірталаста нық ұстап, оппоненттің пікіріне дау айту және т.б. қажет екендігі маңызды және тыңдаушыдан сенімді аргументтерді іздеуді талап ету, айтылған пікірлердің, қорытындылардың және ұсыныстардың негіздеуін сұрайды, ал бұл өз кезегінде белсенді ойлау әрекетін туғызады, білімнің жаңалауын және асамаңызды кәсіптік сапасын, іскерлігін және әдетін қалыптастырады.

Еркін жазу. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойына қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін т.б. жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде білім алушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады.

Білім алушыларды алған білемдерін қорытуға оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін оқыту барысында біз оқушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы олардың өзіндік ойлауын дамытуға болатынын байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика –Астана, 1998 -378 б.
- 2.Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту, Алматы, 2008, -236 б.
- 3.Қазыбаев С. Қазақ тілін оқыту методикасы, Алматы, «Мектеп», 1985.- 125 б.
- 4.Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. -Алматы: Ғылым, 2003.- 144 б